

Акционерлердің жалпы жиналыстың  
2016 жылғы «26» тамыз  
шешімімен «БЕКІТІЛДІ»

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӨДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ  
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ӨДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ  
АЛМАТЫ АУДАНЫҚ ӨДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫ  
ААНДЫ ТУЛҒА МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУДЕН  
2016 ж. "07" 10 откізілді  
№ 14589-1910-02-AD  
МИНИСТЕРСТВО ЮСТИЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
ДЕПАРТАМЕНТ ЮСТИЦИИ ГОРОДА АЛМАТЫ  
УПРАВЛЕНИЕ ЮСТИЦИИ АЛМАТИНСКОГО РАЙОНА  
ПРОИЗВЕДЕНА ГОСУДАРСТВЕННАЯ РЕГИСТРАЦИЯ  
ЮРИДИЧЕСКОГО ЛИЦА  
-07- 10 2016 г.  
свидетельство № 14589-1910-02-AD  
БСН/БИН 090340012882

«ЗА-БэстГрупп»  
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ  
ЖАРҒЫСЫ

2016 ж.

СМОТРИ  
НА ОБОРОТЕ

## 1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Бұл Жарғыда бұдан әрі «Қоғам» деп аталатын, акционерлік қоғамның ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған коммерциялық ұйым – заңды тұлғаның құқықтық жағдайы анықталады және оның қызметі реттеленеді, сонымен қатар оның атауы, орналасқан жері, оның органдарының құрылу тәртібі мен құзыреті, оны қайта ұйымдастыру, қызметін тоқтату шарттары және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа да ережелер анықталады.

2. Қоғамның мемлекеттік тілдегі атауы:

- 1.2.1. толық атауы – «ЗА-БэстГрупп» Акционерлік қоғамы; қысқартылған атауы - «ЗА-БэстГрупп» АҚ,
- 1.2.2. орыс тілінде: толық атауы - Акционерное общество «ЗА-БэстГрупп»; қысқартылған атауы – АО «ЗА-БэстГрупп».
- 1.2.3. ағылшын тілінде: толық атауы - Joint Stock Company «ЗА-BestGroup»; қысқартылған атауы – JSC «ЗА-BestGroup».

3. Қоғамның атқарушы органының орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Алматы қ-сы, Қарасай батыр көшесі, 152 А үй.

4. Қоғамның қызмет мерзімі шектелмеген.

5. Жеке кәсіпкерлік субъектісінің мәртебесі орта бизнестің субъектісі

## 2. ҚОҒАМНЫҢ ЗАҢДЫҚ МӘРТЕБЕСІ

1. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес заңды тұлға болып табылады. Оның дербес тенгерімі, банк шоттары болады. Ол өз атынан мүлктік және жеке құқықтарды сатып ала алады және жүзеге асыра алады, міндеттерді атқарады, сотта талапкер және жауапкер бола алады.

2. Қоғамның өз атауы көрсетілген мөрі, бланктері және оның қызметін жүзеге асыруға қажетті басқадай реквизиттері болады.

3. Қоғам өз қызметін жүзеге асыру үшін қаражат тарту мақсатымен акциялар шығаратын заңды тұлға болып табылады.

4. Қоғамның өз акционерлерінің мүлкінен оқшауландырылған мүлкі болады. Қоғам өз акционерлерінің міндеттемелері бойынша жауапты болмайды.

5. Қоғам өз міндеттемелері бойынша өз мүлкі шегінде жауапкершілік атқарады.

6. Қоғамның акционері оның міндеттемелері бойынша жауап бермейді және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде қарастырылған жағдайларды қоспағанда, өзіне тиесілі акциялардың құны шегінде Қоғамның қызметіне байланысты шығындардың тәуекелін көтереді.

2.7. Қоғам өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Азаматтық Кодексің, «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңын (бұдан әрі - Заң), Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерін, сондай-ақ осы Жарғыны басшылыққа алады.

2.8. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысуға құқылы.

2.9. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған тәртіппен өзі орналасқан жерден тысқары орналасқан, заңды тұлға болып табылмайтын және олар туралы Ереже негізінде қоғамның атынан және оның тапсырмасы бойынша әрекет ететін филиалдар (өкілдіктер) құруға құқылы.

## 3. ҚОҒАМ ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ ТҮРЛЕРІ

3.1. Негізгі қызмет түрлері болып мыналар табылады: барлау, өндіру және жез кендерді қайта өңдеу. Қоғам басқа әрекетті тыйым салынбаған заңнаманы құқылы жүзеге асыру сүйсінемін.

## 4. ҚОҒАМ АКЦИОНЕРЛЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ

4.1. Қоғам акционерінің мыналарға құқығы бар:

4.1.1. Заңда және осы жарғыда қарастырылған тәртіппен қоғамды басқаруға қатысуға;

4.1.2. дивидендтер алуға;

4.1.3. Қоғамның қызметі туралы ақпарат алуға, оның ішінде акционерлердің жалпы жиналысында немесе Қоғамның осы Жарғысында белгіленген тәртіппен қоғамның қаржылық есеп-қисабымен танысуға;

4.1.4. Қоғам тіркеушісінен немесе атаулы ұстаушыдан оның бағалы қағаздарға меншік құқығын растайтын үзінді көшірмелер алуға;

- 4.1.5. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысына Қоғамның директорлар кеңесіне сайлау үшін кандидатуралар ұсынуға;
  - 4.1.6. Қоғамның органдары қабылдаған шешімдерді сот тәртібімен даулауға;
  - 4.1.7. Қоғамның дауыс беретін акцияларының бес және одан да көп пайызына дербес немесе өзге де акционерлермен бірлесе иелік еткен кезде, заңнамалық қарастырылған жағдайларда қоғамға келтірілген залалды лауазымды тұлғалардың қоғамға өтеуін, және қоғамның лауазымды тұлғалары мен (немесе) олардың үлестес тұлғалары ірі мәмілелер мен (немесе) жүргізуге мүдделілік бар мәмілелерді жасасуға шешімдер қабылдау нәтижесінде оларға түскен кірісті (табысты) қоғамға қайтаруы жөнінде талап етіп, өз атынан сот органдарына жүгінуге;
  - 4.1.8. Қоғамға оның қызметі туралы жазбаша сауалдармен баруға және сауалдың Қоғамға келіп түскен күнінен бастап отыз күнтізбелік күн ішінде дәлелді жауаптар алуға;
  - 4.1.9. Қоғам таратылған жағдайда мүліктің бір бөлігіне;
  - 4.1.10. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде қарастырылмаған жағдайларды қоспағанда, Заңда белгіленген тәртіппен өз акцияларына айырбасталатын Қоғамның акцияларын немесе басқа да бағалы қағаздарын артықшылықпен сатып алуға.
- 4.2. Сонымен қатар ірі акционердің мыналарға құқығы бар:
- 4.2.1. акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыруды талап етуге немесе директорлар кеңесі акционерлердің жалпы жиналысын шақырудан бас тартқан жағдайда оны шақыру туралы талап-арызбен сотқа жүгінуге;
  - 4.2.2. директорлар кеңесіне Заңға сәйкес акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне қосымша мәселелер енгізуді ұсынуға;
  - 4.2.3. директорлар кеңесінің отырысын шақыруды талап етуге;
  - 4.2.4. өз есебінен аудиторлық ұйымның Қоғам аудитін жүргізуін талап етуге.
- 4.3. Осы жарғының белгіленген акционерлердің құқықтарын шектеуге рұқсат етілмейді.
- 4.4. Артықшылықты акциялардың иелері - акционерлердің жай акциялардың иелері –акционерлердің алдында қоғам жарғысында белгіленген алдын ала айқындалған кепілді мөлшерде дивиденттер алуға және заңда белгіленген тәртіппен қоғамды тарату кезінде мүліктің бір бөлігіне артықшылықты құқығы бар.
- 4.5. Қоғамның акционері мыналарға міндетті:
- 4.5.1. акцияларды төлеуге;
  - 4.5.2. он күн ішінде қоғамның тіркеушісіне және бұл акционерге тиесілі акциялардың атаулы иесіне қоғамның акциялары иелерінің тізілімі жүйесін жүргізуге қажетті мәліметтің өзгергені жөнінде хабарлауға;
  - 4.5.3. қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын қоғам немесе оның қызметі туралы ақпаратты жария етпеуге;
  - 4.5.4. Заңға сәйкес басқа да міндеттерді орындауға.
5. ҚОҒАМНЫҢ МҮЛКІ
- 5.1. Қоғамның мүлкі мыналар есебінен құралады:
- 5.1.1. Қоғамның акцияларын төлеуге акционерлердің берген мүлкі;
  - 5.1.2. оның қызметі нәтижесінде кірген кіріс;
  - 5.1.3. заңнамасында тыйым салынбаған негіздер бойынша сатып алынатын өзге де мүлік.
6. АКЦИЯЛАР, ОБЛИГАЦИЯЛАР. ҚОҒАМНЫҢ ОРНАЛАСТЫРЫЛАТЫН АКЦИЯЛАРЫН ТӨЛЕУ.
- 6.1. Қоғамның жай акцияларды немесе жай және артықшылықты акцияларды шығаруға құқығы бар. Акциялар құжаттамасыз нысанда шығарылады.
- 6.2. Жай акция дауыс беруге шығарылатын барлық мәселелерді шешкен кезде акционерге акционерлердің жалпы жиналысына дауыс беру құқығымен қатысу құқығын, акционерлердің жалпы жиналысының тиісті шешімі негізінде қоғамда таза кіріс болған жағдайда дивиденттер, сондай-ақ қоғам таратылған жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен оның мүлкінің бір бөлігін алу құқығын береді.
- 6.3. Қоғамның жай акциялары бойынша дивиденттер төлеу жылдың қорытындысы бойынша жүзеге асырылады.

- 6.4. Қоғамның орналастырылатын акцияларын төлеуге ақша, мүлiктiк құқықтар (оның iшiнде зияткерлiк меншiк объектiлерiне құқықтар) және Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актiлерiнде қарастырылған жағдайларды қоспағанда, басқа да мүлiк қосуға болады.
- 6.5. Ақшадан басқа, мүлiк (бағалы қағаздарды қоспағанда) арқылы төлеу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берiлген лицензия негiзiнде әрекет ететiн бағалаушы анықтайтын баға бойынша жүзеге асырылады.
- 6.6. Қор биржасында айналымдағы және қоғамның орналастырылатын акцияларын төлеуге табысталатын бағалы қағаздардың құнын бағалау қор биржасының қаржы құралдарын бағалау әдiстемесiне сәйкес жүргiзiледi. Мұндай бағалы қағаздарды көрсетiлген әдiстеме бойынша бағалау мүмкiн емес немесе акцияларды төлеуге енгiзiлетiн бағалы қағаздар түрiне қатысты әдiстеме жоқ жағдайда, олардың құнын бағалауды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берiлген лицензия негiзiнде әрекет ететiн бағалаушы жүргiзедi.
- 6.7. Егер қоғамның орналастырылатын акцияларын төлеуге мүлiктi пайдалану құқығы енгiзiлетiн болса, онда мұндай құқықты бағалау бұл мүлiктi қоғамның пайдаланатын күллi мерзiмi үшiн төленетiн төлемнiң мөлшерi негiзiнде жүргiзiледi.
- 6.8. Көрсетiлген мерзiм өткенге дейiн қоғам акционерлерiнiң жалпы жиналысының рұқсатынсыз мұндай мүлiктен айыруға тыйым салынады.
- 6.9. Акцияларды орналастырған кезде қоғамға мыналарға тыйым салынады:
- 6.9.1. орналастырылатын акцияларды сатып алуға;
  - 6.9.2. талаптарында (туынды бағалы қағаздар шығару талаптарында) орналастырылған эмитенттiң акцияларын сатып алуға эмитенттiң құқығы немесе мiндетi қарастырылған шарттарды жасасуға (туынды бағалы қағаздар сатып алуға).
- 6.10. Мынадай жағдайларды қоспағанда, артықшылықты акция акционерге қоғамды басқаруға қатысу құқығын бермейдi:
- 6.10.1. қоғам акционерлерiнiң жалпы жиналысында шешiмi бойынша артықшылықты акцияларды иеленушi акционердiң құқығы шектелуi мүмкiн мәселе қарастырылады. Мұндай мәселе бойынша шешiм орналастырылған (сатып алынғандарды шегергенде) артықшылықты акциялардың жалпы санының үштен екiсiнен кем емес бөлiгi шектеудi жақтап дауыс берген жағдайда ғана қабылданған болып есептеледi.
  - 6.10.2. қоғам акционерлерiнiң жалпы жиналысында қоғамды қайта құру не тарату туралы мәселе қарастырылады;
  - 6.10.3. артықшылықты акция бойынша дивиденд оны төлеу үшiн белгiленген мерзiм аяқталған күннен бастап үш айдың iшiнде толық көлемде төленбеген.
- 6.11. Акцияларды шығару, орналастыру, айналысқа жiберу, сондай-ақ жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу шарттары мен тәртiбi акцияларды шығару анықтамалығында белгiленедi.
- 6.12. Қоғамның айырбасталатын бағалы қағаздар шығаруға құқығы бар.
- 6.13. Қосымша қаражат тарту үшiн Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес облигациялар шығаруға қоғамның құқығы бар.
- 6.14. Облигацияларды шығару, орналастыру, айналысқа жiберу, олар бойынша сыйақы төлеу, облигацияларды өтеу және оларды сатудан түскен қаражатты пайдалану шарттары мен тәртiбi Қазақстан Республикасының заңнамасында және облигацияларды шығару анықтамалығында айқындалады.
- 7. ҚОҒАМНЫҢ АКЦИЯЛАРЫН БАСЫМДЫҚПЕН САТЫП АЛУ ҚҰҚЫҒЫ**
- 7.1. Жарияланған акцияларды орналастыруға, сондай-ақ бұрын сатып алынған акцияларды өткiзуге ниеттi қоғам бұл жөнiнде шешiм қабылданған күннен бастап он күнтiзбелiк күн iшiнде өз акционерлерiне жазбаша хабарлама немесе бұқаралық ақпарат құралдарында акцияларды оларда бар акциялардың санына шамалас етiп, тең шарттармен акцияларды орналастыру (өткiзу) жөнiнде шешiм қабылдаған қоғамның органы белгiлеген орналастыру (өткiзу) бағасы бойынша сатып алу жөнiнде жариялау арқылы ұсыныс жасауға мiндеттi.
- 7.2. Акцияларды басымдықпен сатып алуға Қоғам акционерлерiнiң құқығын жүзеге асыру тәртiбiн құзыреттi орган белгiлейдi.
- 8. ҚОҒАМНЫҢ АКЦИЯЛАРЫН ОРНАЛАСТЫРУ**
- 8.1. Қоғам өз акцияларының шығарылымы мемлекеттiк тiркеуден өткен соң, оларды жарияланған ақиялар саны шегiнде бiр немесе бiрнеше рет орналастыру арқылы орналастыруға құқылы.
- 8.2. Қоғамның акцияларын оның жарияланған ақиялары саны шегiнде орналастыру туралы шешiмдi қоғамның директорлар кеңесi қабылдайды.

- 8.3. Акцияларды орналастыру акционерлердің акцияларды немесе қоғамның жай акцияларына айырбасталатын бағалы қағаздарды басымдықпен сатып алу, ұйымдаспаған бағалы қағаздар нарығында өткізілетін жазылыс немесе аукцион, не ұйымдасқан бағалы қағаздар нарығында өткізілетін жазылыс немесе аукцион құқығын іске асыруы арқылы, сондай-ақ Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде қарастырылған жағдайларда қоғамның бағалы қағаздары мен (немесе) ақшалай міндеттемелерін қоғамның акцияларына айырбастау арқылы жүзеге асырылады.
- 8.4. Акционерлер акцияны немесе қоғамның жай акцияларына айырбасталатын өзге бағалы қағазды иеліктен айырған кезде, акция немесе қоғамның жай акцияларына айырбасталатын өзге бағалы қағазды сатып алуға өтінім беру үшін оған берілген отыз күнтізбелік күн ішінде егер бұрынғы меншік иесі мұндай өтінім бермеген болса, онда басымдықпен сатып алу құқығына сәйкес бұл құқық акцияның немесе қоғамның жай акцияларына айырбасталатын өзге бағалы қағаздың жаңа меншік иесіне ауысады.
- 8.5. Акцияларды орналастыру жөнінде шешім қабылдаған қоғамның органы мұндай орналастыру үшін белгілеген акциялардың бағасы акцияларды сатуға болатын ең төменгі баға болып табылады.
- 8.6. Акционерлер басымдықпен сатып алу құқығына сәйкес акцияларды орналастыру жөнінде шешім қабылдаған қоғамның органы белгілеген бұл акцияларды орналастырудың ең төменгі бірыңғай бағасы бойынша акцияларды сатып алады.
- 8.7. Қоғамның акциялары жазылыс арқылы акцияларды сатып алатын барлық тұлғаларға аталмыш орналастыру шегінде бірыңғай бағамен сатылуы тиіс.
- 8.8. Басымдықпен сатып алу құқығын іске асыру аясында акционерлерге ұсынылған бағаны төмендету және (немесе) орналастырылатын акциялардың саны арттыру арқылы жарияланған акцияларды орналастыру жөнінде бұрын қабылданған шешімнің шарттарын өзгерту жөнінде қоғамның құзыретті органы шешім қабылдаған жағдайда, қоғам акционерлерге бұл акцияларды басымдықпен сатып алу құқығын қайтадан береді.
9. ТАЗА КІРІСТІ БӨЛУ ТӘРТІБІ. АКЦИЯЛАР БОЙЫНША ДИВИДЕНДТЕР.
- 9.1. Қоғамның таза кірісі (салықты және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеген соң) қоғамның билігінде қалады және акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен айқындалған тәртіппен, оның ішінде дивидендтер төлеуге бөлінеді. Қалған бөлігі қоғамды дамытуға немесе акционерлердің жалпы жиналысының шешімінде қарастырылған өзге де мақсаттарға бағытталады.
- 9.2. Акционерлердің жалпы жиналысы жыл қорытындысымен жай акциялар бойынша дивидендтер төлеудің мақсатқа сай еместігі туралы шешім қабылдауға құқылы.
- 9.3.
- 9.4. Қоғамның артықшылықты акциялары бойынша дивидендтер төлеу Қоғам органының шешімін талап етпейді.
- 9.5. Артықшылықты акциялар бойынша дивидендтерді қоспағанда, қоғамның дауыс беретін акцияларының қарапайым көпшілігімен акционерлердің жалпы жиналысында дивидендтер төлеу туралы шешім қабылданған жағдайда, қоғамның акциялары бойынша дивидендтер ақшалай немесе бағалы қағаздармен төленеді.
- 9.6. Қоғамның артықшылықты акциялары бойынша дивидендтерді бағалы қағаздармен төлеуге рұқсат етілмейді.
- 9.7. Қоғамның артықшылықты акциялары бойынша дивидендтерді оның бағалы қағаздарымен төлеуге мұндай төлем қоғамның жарияланған акциялары және акционердің жазбаша рұқсаты болған жағдайда оның шығарған облигациялары арқылы жүзеге асырылатын жағдайда рұқсат етіледі.
- 9.8. Орналастырылмаған немесе қоғамның өзі сатып алған акциялар бойынша, сондай-ақ, егер сот немесе акционерлердің жалпы жиналысы оны тарату туралы шешім шағарса, дивидендтер есептелмейді және төленбейді.
- 9.9. Мынадай жағдайларда қоғамның жай және артықшылықты акциялары бойынша дивидендтер есептеуге жол берілмейді:
- 9.9.1. меншікті капиталының мөлшері теріс болған кезде немесе егер, қоғамның капиталының мөлшері оның акциялары бойынша дивидендтер есептеу нәтижесінде теріс болса;
- 9.9.2. егер қоғамда Қазақстан Республикасының банкроттық заңнамасына сәйкес төлем жасауға қабілетсіздік немесе дәріменсіздік белгілері болса, не көрсетілген белгілер қоғамда оның акциялары бойынша дивидендтер есептеу нәтижесінде пайда болса.
10. ҚОҒАМНЫҢ ОРГАНДАРЫ
- 10.1. Қоғамның органдары:

- 10.1.1. жоғары орган – акционерлердің жалпы жиналысы (барлық дауыс беретін акциялары бір акционерге тиесілі қоғамда – осы акционер);
  - 10.1.2. басқару органы – директорлар кеңесі;
  - 10.1.3. атқарушы орган – басқарма немесе атқарушы органның функцияларын жеке дара жүзеге асыратын тұлға - Президент.
- 10.2. Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне мынадай мәселелер жатқызылады:
- 10.2.1. қоғамның осы жарғысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакциямен бекіту;
  - 10.2.2. корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ оған енгізілген өзгертулер мен толықтыруларды бекіту;
  - 10.2.3. қоғамды ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату;
  - 10.2.4. қоғамның жарияланған акцияларының санын арттыру немесе қоғамның орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;
  - 10.2.5. Қоғамның бағалы қағаздарын айырбастау тәртібін шарттары анықтау, сондай-ақ олардың өзгерістерді анықтау;
  - 10.2.6. қоғамның жай акцияларына айырбасталатын бағалы қағаздар шығару туралы шешім қабылдау;
  - 10.2.7. бір түрдің орналастырылған акцияларын басқа түрдің акцияларына айырбастау туралы шешім қабылдау, мұндай айырбастаудың шарттары мен тәртібін анықтау;
  - 10.2.8. есеп комиссиясының сандық құрамын және өкілеттік мерзімін айқындау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;
  - 10.2.9. директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ директорлар кеңесінің мүшелеріне өздерінің міндеттерін орындағаны үшін сыйақы және шығыстың өтемін төлеу мөлшері мен шарттарын айқындау;
  - 10.2.10. қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды айқындау;
  - 10.2.11. жылдық қаржы есеп-кисабын бекіту;
  - 10.2.12. қоғамның есепті қаржы жылындағы таза кірісін бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және қоғамның бір жай акциясына есептегенде дивидендтің мөлшерін бекіту;
  - 10.2.13. қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлемеу туралы шешім қабылдау;
  - 10.2.14. қоғам акцияларын ерікті делистингке шығару туралы шешім қабылдау;
  - 10.2.15. қоғамға тиесілі барлық активтердің жиынтығында жиырма бес және одан астам пайызын құрайтын сомада активтердің бір бөлігін немесе бірнеше бөлігін беру (алу) арқылы өзге де заңды тұлғаларды құруға немесе олардың қызметіне қоғамның қатысуы не өзге де заңды тұлғаларға қатысушылар (олардың акционерлері) құрамынан шығуы туралы шешім қабылдау;
  - 10.2.16. акционерлердің жалпы жиналысын шақыру туралы қоғамның акционерлерге хабарлау нысанын айқындау және мұндай ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында орналастыру туралы шешім қабылдау;
  - 10.2.17. қоғам акцияларды Заңға сәйкес ұйымдаспаған нарықта сатып алған кезде олардың құнын айқындау әдістемесіне (егер әдістеме құрылтай жиналысында бекітілмеген болса, оны бекіту) енгізілген өзгертулерді бекіту;
  - 10.2.18. акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі белгілеу;
  - 10.2.19. егер қоғамның жарғысында акционерлерге қоғамның қызметі туралы ақпарат ұсыну тәртібі, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдары анықталмаған болса, мұндай тәртіпті анықтау;
  - 10.2.20. «алтын акцияны» енгізу және күшін жою;
  - 10.2.21. шешім қабылдау Акционерлік қоғамдар туралы заң және қоғамның осы жарғысы арқылы акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер.
- 10.3. Шешімдер қабылдау тәртібі
- 10.3.1. Осы Жарғының 10.2.1, 10.2.3-10.2.4 және 10.2.17 тармақшаларында көрсетілген мәселелер бойынша акционерлердің жалпы жиналысының шешімдері қоғамның дауыс беретін акциялары жалпы санының білікті көпшілігімен қабылданады.

- 10.3.2. Егер заңнамасында өзгеше белгіленбеген болса, акционерлердің жалпы жиналысының өзге мәселелер бойынша шешімдері қоғамның дауыс беруге қатысушы дауыс беретін акцияларының жалпы санының әдеттегі көпшілік дауысымен қабылданады.
- 10.3.3. Егер заңнамасында өзгеше қарастырылмаған болса, шешім қабылдау акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді қоғамның өзге органдарының лауазымды тұлғаларының және қызметкерлерінің құзыретіне табыстауға рұқсат етілмейді.
- 10.3.4. Акционерлердің жалпы жиналысы қоғамның ішкі қызметіне қатысты мәселелер бойынша қоғамның өзге органдарының кез-келген шешімінің күшін жоюға құқылы.
11. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫН ШАҚЫРУ
- 11.1. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысын директорлар кеңесі шақырады.
- 11.2. Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы мыналардың бастамасы бойынша шақырылады:
- 11.2.1. директорлар кеңесінің;
- 11.2.2. ірі акционердің.
- 11.3. Ерікті түрде таратылу процесіндегі қоғам акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысын қоғамның тарату комиссиясы шақыруы, дайындауы және өткізуі мүмкін.
- 11.4. Акционерлердің жалпы жиналысына дайындалуды және оны өткізуді мыналар жүзеге асырады:
- 11.4.1. Президент;
- 11.4.2. өзімен жасалған шартқа сәйкес қоғамның тіркеушісі;
- 11.4.3. директорлар кеңесі;
- 11.4.4. қоғамның тарату комиссиясы.
- 11.5. Заңда белгіленген жағдайларды қоспағанда, акционерлерінің жалпы жиналысын шақыруға, дайындауға және өткізуге байланысты шығындарды қоғам көтереді.
- 11.6. Заңда белгіленген акционерлердің жылдық жалпы жиналысын шақыру тәртібін қоғамның органдары бұзған жағдайда, акционерлердің жылдық жалпы жиналысы кез-келген мүдделі тұлғаның талап-арызы бойынша қабылданған сот шешімі негізінде шақырылуы және өткізілуі мүмкін.
- 11.7. Егер қоғамның органдары акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын өткізу туралы қоғамның ірі акционерінің талабын орындамаса, қоғам акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысы оның талап-арызы бойынша қабылданған сот шешімінің негізінде шақырылуы және өткізілуі мүмкін.
12. ІРІ АКЦИОНЕРДІҢ БАСТАМАСЫ БОЙЫНША АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ КЕЗЕКТЕН ТЫС ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫН ШАҚЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ
- 12.1. Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы ірі акционердің талабы директорлар кеңесіне мұндай жиналыстың күн тәртібі көрсетілген тиісті жазбаша хабарды қоғамның атқарушы органының орналасқан жері бойынша жіберу арқылы қойылады.
- 12.2. Қоғамның директорлар кеңесі күн тәртібі мәселелері тұжырымдамасына өзгертулер енгізуге және ірі акционердің талабы бойынша шақырылатын акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын өткізудің ұсынылған тәртібін өзгертуге құқысыз.
- 12.3. Қойылған талапқа сәйкес акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақырған кезде директорлар кеңесі жалпы жиналыстың күн тәртібін өзінің қарауы бойынша кез-келген мәселелермен толықтыруға құқылы.
- 12.4. Егер акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы талапты ірі акционер (акционерлер) қойып отырған болса, ол талапта мұндай жиналысты талап етуші акционердің (акционерлердің) аты (атауы) және оған тиесілі акциялардың саны көрсетілуі тиіс.
- 12.5. Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы талапқа акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыруды талап етуші тұлға (тұлғалар) қол қояды.
- 12.6. Көрсетілген талапты алған күннен бастап он жұмыс күні ішінде директорлар кеңесі шешім қабылдауға және мұндай шешім қабылданған сәттен бастап үш жұмыс күнінен кеш емес мерзімде бұл талапты қойған тұлғаға акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы не оны шақырудан бас тартатыны туралы қабылданған шешімді жіберуге міндетті.
- 12.7. Ірі акционердің талабы бойынша акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақырудан бас тартатыны туралы директорлар кеңесінің шешімі мынадай жағдайда қабылдануы мүмкін:
- 12.7.1. егер осы бапта белгіленген акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы талап қою тәртібі сақталмаған болса;

- 12.7.2. егер акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысына енгізуге ұсынылған мәселелер Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сай келмейтін болса.
- 12.8. Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақырудан бас тартатыны туралы директорлар кеңесінің шешімі сотта даулануы мүмкін.
- 12.9. Егер Заңда белгіленген мерзім ішінде қоғамның директорлар кеңесі қойылған талап бойынша акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру жөнінде шешім қабылдмаса, оны шақыруды талап етуші тұлға акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын өткізуге қоғамды міндеттеу талабымен сотқа жүгінуге құқылы.
13. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНА ҚАТЫСУҒА ҚҰҚЫҒЫ БАР АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ТІЗІМІ
- 13.1. Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және онда дауыс беруге құқығы бар акционерлер тізімін қоғам акциялары иелерінің тізілімі жүйесінің деректері негізінде қоғамның тіркеушісі құрастырады. Көрсетілген тізімді құрастыру күні жалпы жиналысты өткізу жөнінде шешім қабылданған күннен бұрын белгіленуі мүмкін емес.
- 13.2. Акционерлер тізіміне енгізілуі тиіс мәліметті құзыретті орган анықтайды.
- 13.3. Егер акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және онда дауыс беруге құқығы бар акционерлер тізімі жасалған соң бұл тізімге енгізілген тұлға өзіне тиесілі қоғамның дауыс беретін акцияларын иеліктен шығарса, онда акционерлердің жалпы жиналысына қатысу құқығы жаңа акционерге ауысады. Бұл жағдайда акцияларға меншік құқығын растайтын құжаттар ұсынылуы тиіс.
14. ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСТЫ ӨТКІЗУ КҮНІ, УАҚЫТЫ ЖӘНЕ ОРНЫ.
- 14.1. Жалпы жиналысты өткізу күні, уақыты және орны жиналысқа қатысуға құқығы бар адамдардың мейлінше көбі қатыса алатындай етіп белгіленуі тиіс.
- 14.2. Акционерлердің жалпы жиналысы атқарушы орган орналасқан елді мекенде өткізілуі тиіс.
- 14.3. Жиналысқа қатысушыларды тіркей бастау уақыты мен жиналысты өткізу уақыты қоғамның есеп комиссиясын тіркеуді жүргізуге, жиналысқа қатысушылар санын есептеуге және оның кворумы бар екендігін анықтауға жеткілікті уақытпен қамтамасыз етуі тиіс.
15. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫН ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ
- 15.1. Акционерлерге («алтын акция» иесіне) алда жалпы жиналыс өткізілетіні туралы хабар жиналысты өткізу күніне дейін отыз күнтізбелік күннен кеш емес, ал сырттай немесе аралас дауыс беретін жағдайда – қырық бес күнтізбелік күннен кеш емес мерзімде берілуі тиіс.
- 15.2. Акционерлердің жалпы жиналысы өткізілетіні туралы хабарлама бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануы тиіс не оларға жіберілуі тиіс. Егер компания акционерлерінің саны елу акционерден аспаса, онда хабарлама акционерге жазбаша хабарлама жіберу арқылы мәлімделуі тиіс.
- 15.3. Акционерлердің жалпы жиналысы өткізілетіні туралы хабарламада мыналар болуы тиіс:
- 15.3.1. қоғамның атқарушы органының толық атауы және орналасқан жері;
- 15.3.2. жиналысты шақыруды бастаушы жөнінде мәлімет;
- 15.3.3. акционерлердің жалпы жиналысы өткізілетін күн, уақыты және орны, жиналысқа қатысушыларды тіркей бастау уақыты, сондай-ақ егер бірінші жиналыс өткізілмесе, акционерлердің жалпы жиналысы қайтадан өткізілетін күн және уақыты;
- 15.3.4. акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға құқығы бар акционерлердің тізімін жасау күні ;
- 15.3.5. акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі;
- 15.3.6. акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдармен қоғамның акционерлерін таныстыру тәртібі;
- 15.4. Миноритарлық акционер акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінде көрсетілген мәселелер бойынша шешімдер қабылдаған кезде басқа акционерлермен бірігу мақсатында қоғамның тіркеушісіне жүгінуге құқылы.
- 15.5. Миноритарлық акционердің жүгінуі және қоғамның тіркеушісі басқа акционерлерге ақпаратты тарату тәртібі бағалы қағаздар иелерінің тізілімі жүйесін жүргізу жөніндегі шартта белгіленеді.
16. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНЫҢ ҚАЙТАДАН ӨТКІЗІЛУІ
- 16.1. Акционерлердің жалпы жиналысын қайтадан өткізу акционерлердің бастапқы (өтпей қалған) жалпы жиналысын өткізуге белгіленген күннің келесі күнінен бұрын белгіленуі мүмкін емес.
- 16.2. Акционерлердің жалпы жиналысы өткізілмей қалған орында акционерлердің жалпы жиналысы қайтадан өткізілуі тиіс.

16.3. Қайтадан өткізілетін акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі өткізілмей қалған акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінен өзгеше болмауы тиіс.

## 17. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНЫҢ КҮН ТӘРТІБІ

17.1. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін директорлар кеңесі құрастырады және онда нақтылы тұжырымдалып, талқылауға ұсынылып отырған мәселелердің толық тізімі болуы тиіс.

17.2. Қоғамның акционерлеріне қоғамның жалпы жиналысы өткізілетін күнге дейін он бес күннен кеш емес мерзімде немесе осы баптың 4-пунктінде белгіленген тәртіппен акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі толықтырылатыны туралы хабарланған жағдайда, мұндай күн тәртібін ірі акционер немесе директорлар кеңесі толықтыра алады. мүмкін.

17.3. Акционерлердің жалпы жиналысын жүздестіру тәртібімен өткізуге ашқан кезде директорлар кеңесі күн тәртібін өзгерту жөнінде өздеріне келіп түскен ұсыныстар туралы хабарлауға міндетті.

17.4. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту жиналысқа ұсынылған қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санының дауыс көпшілігімен жүзеге асырылады.

17.5. Қоғамның дауыс беретін акцияларының тоқсан бес пайызынан кем емес бөлігіне жиынтығында иелік ететін және акционерлердің жалпы жиналысына қатысушы акционерлердің (немесе олардың өкілдерінің) көпшілігі жақтап дауыс берген жағдайда күн тәртібіне өзгертулер мен (немесе) толықтырулар енгізілуі мүмкін.

17.6. Егер орналастырылған (сатып алынғандарды шегергенде) артықшылықты акциялардың жалпы санының үштен екісі мәселені енгізуді жақтап дауыс берген жағдайда, күн тәртібіне бұл мәселе енгізілуі мүмкін және сол мәселе бойынша қабылданатын шешім артықшылықты акцияларға иелік ететін акционерлердің құқығын шектеуі мүмкін.

17.7. Акционерлердің жалпы жиналысында сырттай дауыс бер арқылы шешім қабылданған жағдайда акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі өзгертілуі және (толықтырылуы) мүмкін емес.

17.8. Акционерлердің жалпы жиналысы оның күні тәртібіне енгізілмеген мәселелерді қарастыруға және олар бойынша шешімі қабылдауға құқысыз.

## 18. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНЫҢ КВОРУМЫ

18.1. Жиынтығында қоғамның акцияларының елу және одан да көп пайызына иелік ететін, акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және онда дауыс беруге құқығы бар акционерлердің тізіміне енгізілген акционерлер немесе олардың өкілдері жиналысқа қатысушыларды тіркеу аяқталған мезетте тіркелген болса, акционерлердің жалпы жиналысы күн тәртібіндегі мәселелерді қарастыруға және олар бойынша шешімдер қабылдауға құқылы.

18.2. Өткізілмей қалған акционерлердің жалпы жиналысының орнына қайтадан өткізілетін жиналыс мынадай жағдайларда күн тәртібіндегі мәселелерді қарастыруға және олар бойынша шешімдер қабылдауға құқылы:

18.2.1. егер кворум болмауы себептен өткізілмей қалған акционерлердің жалпы жиналысын шақыру тәртібі сақталған болса;

18.2.2. егер сырттай дауыс беруші акционерлерді қоса алғанда, жиынтығында қоғам акцияларының қырық және одан да көп пайызына иелік ететін акционерлері (немесе олардың өкілдері) оған қатысушыларды тіркеу аяқталған мезетте тіркелген болса.

18.3. Акционерлерге сырттай дауыс беруге арналған бюллетендер жіберілген жағдайда, көрсетілген бюллетендер арқылы берілген және жалпы жиналысқа қатысушыларды тіркеген мезетте қоғамға келіп түскен дауыстар кворумды анықтау және дауыс беру қорытындысын шығару кезінде есепке алынады.

18.4. Акционерлердің жалпы жиналысын сырттай дауыс беру арқылы өткізу кезінде кворум болмаса, акционерлердің жалпы жиналысы қайтадан өткізілмейді.

## 19. ЕСЕП КОМИССИЯСЫ

19.1. Есеп комиссиясы акционерлерінің саны жүз және одан да көп қоғам акционерлерінің жалпы жиналысында сайланады.

19.2. Акционерлерінің саны жүзден кем қоғамда есеп комиссиясының қызметін акционерлердің жалпы жиналысының хатшысы жүзеге асырады. Акционерлердің бірінші жалпы жиналысында есеп комиссиясының қызметін қоғамның тіркеушісі жүзеге асырады.

19.3. Акционерлердің жалпы жиналысының шешімі бойынша есеп комиссиясының қызметі қоғамның тіркеушісіне жүктелуі мүмкін.

19.4. Есеп комиссиясы үштен кем емес адамнан тұруы тиіс. Есеп комиссиясына қоғамның алқалы органдарының мүшелері, сондай-ақ қоғамның атқарушы органының қызметін жеке өзі жүзеге асыратын тұлғалар кіре алмайды.

- 19.5. Есеп комиссиясының мүшесі болмаған жағдайда акционерлердің жалпы жиналысын өткізу барысында жиналысты өткізу уақытына есеп комиссиясының мүшесін қосымша сайлап алуға рұқсат етіледі.
- 19.6. Есеп комиссиясы:
- 19.6.1. акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға келген адамдардың өкілеттігін тексереді;
  - 19.6.2. акционерлердің жалпы жиналысына қатысушыларды тіркейді және оларға акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар береді;
  - 19.6.3. сырттай дауыс беру үшін келіп түскен бюллетендердің жарамдылығын анықтайды және жарамды бюллетендердің саны мен күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша оларда көрсетілген дауысты есептеп шығарады;
  - 19.6.4. жиналыс өткізілген барлық уақытты қоса алғанда, акционерлердің жалпы жиналысының кворумы болуын анықтайды және кворумның бар немесе жоқ екендігі туралы жариялайды;
  - 19.6.5. акционерлердің жалпы жиналысында акционерлердің құқықтарын іске асыру мәселелерін түсіндіреді;
  - 19.6.6. акционерлердің жалпы жиналысында қарастырылған мәселелер бойынша берілген дауыстарды есептеп шығарады және дауыс беру қорытындысын шығарады;
  - 19.6.7. акционерлердің жалпы жиналысындағы дауыс беру қорытындысы жөнінде хаттама құрастырады;
  - 19.6.8. дауыс беруге арналған бюллетендер мен дауыс беру қорытындысы жөніндегі хаттаманы қоғамның мұрағатына тапсырады.
- 19.7. Есеп комиссиясы акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беруге арналған, толтырылған бюллетендердегі ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз етеді.
20. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫН ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ
- 20.1. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу тәртібі Заңға, осы Жарғыға және қоғамның ішкі қызметін реттейтін өзге де құжаттарға не акционерлердің жалпы жиналысының тікелей шешіміне сәйкес анықталады.
  - 20.2. Акционерлердің жалпы жиналысын ашқанға дейін келген акционерлерді (олардың өкілдерін) тіркеу жүргізіледі. Акционердің өкілі акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және онда дауыс беруге оның өкілдігін растайтын сенімхатты көрсетуі тиіс.
  - 20.3. Тіркеуден өтпеген акционер (акционердің өкілі) кворумды анықтаған кезде есепке алынбайды және оның дауыс беруге қатысуға құқығы жоқ.
  - 20.4. Артықшылықты акциялардың меншік иесі болып табылатын қоғамның акционері жүздесу тәртібімен өткізілетін акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және олар қарастыратын мәселелерді талқылауға қатысуға құқылы.
  - 20.5. Қоғамның жарғысында немесе жүздесу тәртібімен өткізілетін акционерлердің жалпы жиналысының шешімінде өзгеше белгіленбеген болса, оған басқа адамдар шақырусыз қатыса алады. Мұндай адамдардың акционерлердің жалпы жиналысында сөз сөйлеу құқығы қоғамның жарғысы немесе акционерлердің жалпы жиналысының шешімі арқылы белгіленеді.
  - 20.6. Акционерлердің жалпы жиналысы кворум болған жағдайда, жарияланған уақытта ашылады.
  - 20.7. Барлық акционерлер (олардың өкілдері) әлдеқашан тіркелген, ескертілген және жиналысты ашу уақытын өзгертуге қарсы емес жағдайды қоспағанда, акционерлердің жалпы жиналысы жарияланған уақыттан бұрын ашылуы мүмкін емес.
  - 20.8. Акционерлердің жалпы жиналысында жалпы жиналыстың төрағасы (төралқасы) мен хатшысын сайлау жүргізіледі.
  - 20.9. Акционерлердің жалпы жиналысы дауыс беру нысанын – ашық немесе құпия (бюллетендер бойынша) дауыс беруді анықтайды. Егер қоғамның жарғысында өзгеше көрсетілмеген болса, акционерлердің жалпы жиналысының төрағасын (төралқасын) және хатшысын сайлау жөніндегі мәселе бойынша дауыс беру кезінде әрбір акционер бір дауыс бере алады, ал шешім жиналысқа қатысушылар санының әдеттегі көпшілігі арқылы қабылданады.
  - 20.10. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу барысында оның төрағасы қарастырылып жатқан мәселе бойынша пікірталасты тоқтату, сондай-ақ сол мәселе бойынша дауыс беру тәсілін өзгерту жөнінде ұсынысты дауыс беруге ұсынуға құқылы.
  - 20.11. Сөйленген сөздер акционерлердің жалпы жиналысының регламентін бұзуға әкеп соғатын немесе аталмыш мәселе бойынша пікірталас тоқтаған жағдайды қоспағанда, төраға күн тәртібіндегі мәселені талқылауға қатысуға құқығы бар адамдардың сөз сөйлеуіне кедергі болуға құқысыз.

- 20.12. Акционерлердің жалпы жиналысы акционерлер жиналысының күн тәртібіндегі жеке мәселелерді келесі күнге қалдыру жөнінде шешім қабылдауды қоса алғанда, өз жұмысында үзіліс жасау және жұмыс уақытын ұзарту туралы шешім қабылдауға құқылы.
- 20.13. Күн тәртібіндегі барлық мәселелер қарастырылып, олар бойынша шешім қабылданған соң ғана акционерлердің жалпы жиналысы жабық деп жариялануы мүмкін.
- 20.14. Акционерлердің жалпы жиналысының хатшысы акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасында көрсетілген мәліметтің толықтығы мен растығы үшін жауапты.
- 21. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНДА СЫРТТАЙ ДАУЫС БЕРУ АРҚЫЛЫ ШЕШІМДЕР ҚАБЫЛДАУ**
- 21.1. Акционерлердің жалпы жиналысының шешімдері сырттай дауыс беруді жүргізу арқылы қабылдануы мүмкін. Сырттай дауыс беру акционерлердің жалпы жиналысына қатысып отырған акционерлердің дауыс беруімен бірге (аралас дауыс беру) не акционерлердің жалпы жиналысын өткізбей қолданылуы мүмкін.
- 21.2. Сырттай дауыс беруді жүргізген кезде дауыс беруге арналған бірыңғай нысандағы бюллетендер акционерлер тізіміне енгізілген тұлғаларға жіберіледі (үлестіріп беріледі).
- 21.3. Акционерлердің жалпы жиналысындағы дауыс беру нәтижесіне ықпал ету мақсатымен жеке акционерлерге дауыс беруге арналған бюллетендерді іріктеп жіберуге қоғамның құқығы жоқ.
- 21.4. Дауыс беруге арналған бюллетень акционерлер тізіміне енгізілген адамдарға акционерлердің жалпы жиналысы өткізілетін күнге қырық бес күннен кеш емес уақыт қалғанда жіберілуі тиіс. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізбей сырттай дауыс беретін кезде, акционерлерінің саны бес жүз және одан да көп қоғам бұқаралық ақпарат құралдарында акционерлердің жалпы жиналысында сырттай дауыс беруге арналған бюллетенді акционерлердің жалпы жиналысы өткізілетіні жөніндегі хабарламамен қоса жариялауға міндетті.
- 21.5. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетенде мыналар болуы тиіс:
- 21.5.1. қоғамның атқарушы органының толық атауы және орналасқан жері;
  - 21.5.2. жиналысты шақыруды бастаушы жөніндегі мәлімет;
  - 21.5.3. сырттай дауыс беру үшін бюллетендерді ұсынудың ақырғы күні;
  - 21.5.4. акционерлердің жалпы жиналысы өткізілетін күн не акционерлердің жалпы жиналысын өткізбей сырттай дауыс беру үшін дауыстарды есептеп шығаратын күн;
  - 21.5.5. акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі;
  - 21.5.6. егер акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінде директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау туралы мәселелер бар болса, онда сайлауға ұсынылып отырған кандидаттардың аттары;
  - 21.5.7. дауыс берілетін мәселелердің тұжырымдамасы;
  - 21.5.8. «қолдайды», «қарсы», «қалыс қалады» деген сөздермен көрсетілген, акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша дауыс беру нұсқалары;
  - 21.5.9. күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша дауыс беру (бюллетенді толтыру) тәртібін түсіндіру.
- 21.6. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетенге акционердің-жеке тұлғаның қолы қойылған және бұл адамның жеке тұлғасын куәландыратын құжат туралы мәлімет көрсетілген болуы тиіс.
- 21.7. Акционердің-заңды тұлғаның сырттай дауыс беруіне арналған бюллетенге оның басшысы қол қойған және ол заңды тұлғаның мөрімен расталған болуы тиіс.
- 21.8. Акционер-жеке тұлға не акционердің-заңды тұлғаның басшысы қол қоймаған, сондай-ақ заңды тұлғаның мөрі қойылмаған бюллетень жарамсыз болып есептеледі.
- 21.9. Дауыстарды есептеп шығарған кезде дауыс беруге болатын нұсқалардың біреуі ғана белгіленген және бюллетенде анықталған дауыс беру тәртібін акционер сақтаған мәселелер бойынша дауыстар есепке алынады.
- 21.10. Егер акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінде директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау туралы мәселе бар болса, онда сырттай дауыс беруге арналған бюллетенде жеке кандидаттар үшін берілген дауыстардың санын көрсетуге арналған бағандар болуы тиіс.
- 21.11. Егер акционерлердің жалпы жиналысын сырттай дауыс беру арқылы өткізген кезде барлық акционерлерден лайықты түрде толтырылған бюллетендер дауыстарды есептеуге белгіленген күннен бұрын келіп түссе, онда дауыстарды белгіленген күннен ертерек есептеп шығаруға рұқсат етіледі және бұл жөнінде дауыс беру қорытындысы жөніндегі хаттамада көрсетіледі.
- 21.12. Егер бұрында сырттай дауыс беруге арналған бюллетенін жіберген акционер аралас дауыс беру қолданылатын акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және онда дауыс беруге келген болса, онда

оның бюллетені акционерлердің жалпы жиналысының кворумын анықтау және күн тәртібіндегі мәселелер бойынша берілген дауыстарды есептеу кезінде есепке алынбайды.

## 22 АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНДА ДАУЫС БЕРУ

- 22.1 Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру төмендегі жағдайларды қоспағанда, «бір акция – бір дауыс» принципі бойынша жүзеге асырылады:
- 22.1.1. Қазақстан Республикасының заңнамасында алдын ала қарастырылған жағдайларда бір акционерге ұсынылатын акциялар бойынша берілетін ең көп дауыс санын шектеуді;
  - 22.1.2. директорлар кеңесінің мүшелерін сайлаған кезде жиынтықты дауыс беруді;
  - 22.1.3. акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беруге құқығы бар әрбір адамға акционерлердің жалпы жиналысын өткізудің процедуралық мәселелері бойынша бір дауыс ұсынуды.
- 22.2. Жиынтықты дауыс берген кезде акционер акциялар бойынша ұсынылатын дауыстарды директорлар кеңесінің мүшесіне ұсынылған бір кандидат үшін толық немесе директорлар кеңесінің мүшесіне ұсынылған бірнеше кандидаттар үшін бөліп бере алады. Ең көп дауыс берілген кандидаттар директорлар кеңесіне сайланған болып танылады.
- 22.3. Егер жүздесу тәртібімен жүргізілетін акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру құпия тәсілмен жүзеге асырылатын болса, онда мұндай дауыс беруге арналған бюллетендер (осы бапта бұдан әрі - жүздесу тәртібімен жүргізілетін жиналыста құпия дауыс беруге арналған бюллетендер) құпия дауыс берілетін әрбір жеке мәселе бойынша құрастырылуы тиіс. Бұл жағдайда жүздесу тәртібімен жүргізілетін жиналыста құпия дауыс беруге арналған бюллетенде мыналар болуы тиіс:
- 22.3.1. мәселенің тұжырымдамасы немесе жиналыстың күн тәртібіндегі оның реттік нөмірі;
  - 22.3.2. «қолдайды», «қарсы», «қалыс қалады» деген сөздер көрсетілген, мәселе бойынша дауыс беру нұсқалары немесе қоғамның органдарына ұсынылатын әрбір кандидат бойынша дауыс беру нұсқалары;
  - 22.3.3. акционерге тиесілі дауыстардың саны.
- 22.4. Заңға сәйкес өзіне тиесілі акцияларды сатып алуды қоғамнан талап ету мақсатын қоса алғанда, бюллетенге қол қоюға өзі тілек білдірген жағдайды қоспағанда, жүздесу тәртібімен жүргізілетін жиналыста құпия дауыс беруге арналған бюллетенге акционер қол қоймайды.
- 22.5. Жүздесу тәртібімен жүргізілетін жиналыста құпия дауыс беруге арналған бюллетендер бойынша дауыстарды есептеген кезде бюллетенде анықталған дауыс беру тәртібін дауыс беруші сақтаған және дауыс беруге болатын нұсқалардың біреуі ғана белгіленген мәселелер бойынша дауыстар есепке алынады.
23. ДАУЫС БЕРУ ҚОРЫТЫНДЫСЫ ЖӨНІНДЕГІ ХАТТАМА
- 23.1. Есеп комиссиясы дауыс беру қорытындысы бойынша хаттама құрастырып, оған қол қояды.
  - 23.2. Дауыс беруге ұсынылған мәселе бойынша акционердің ерекше пікірі болған кезде қоғамның есеп комиссиясы хаттамаға тиісті жазба енгізуге міндетті.
  - 23.3. Жүздесу тәртібімен жүргізілетін жиналыста құпия дауыс беруге немесе сырттай дауыс беруге арналып толтырылған бюллетендер (оның ішінде жарамсыз деп танылған бюллетендер) негізінде дауыс беру қорытындысы бойынша хаттама құрастырылып, оған қол қойылған соң, мұндай бюллетендер хаттамаға қосып тігіледі және қоғамда сақталады.
  - 23.4. Дауыс беру қорытындысы жөніндегі хаттама акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасына қоса тіркелуі тиіс.
  - 23.5. Дауыс беру қорытындысы дауыс беру жүргізілген акционерлердің жалпы жиналысында жарияланады.
  - 23.6. Акционерлердің жалпы жиналысының дауыс беру қорытындысы немесе сырттай дауыс беру нәтижесі оларды бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау арқылы немесе акционерлердің жалпы жиналысы жабылған соң он бес күнтізбелік күн ішінде әрбір акционерге жазбаша хабарландыру хат жіберу арқылы акционерлерге хабарланады.
  - 23.7. Дауыс беру қорытындысы туралы акционерлерге хабарлау тәртібі қоғамның жарғысында белгіленеді.
24. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНЫҢ ХАТТАМАСЫ
- 24.1. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасы жиналыс жабылған соң үш жұмыс күні ішінде құрастырылып, оған қол қойылуы тиіс.
  - 24.2. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасында мыналар көрсетіледі:
    - 24.2.1. қоғамның атқарушы органының толық атауы және орналасқан жері;
    - 24.2.2. акционерлердің жалпы жиналысы өткізілетін күн, уақыт және орын;

- 24.2.3. акционерлердің жалпы жиналысына ұсынылған қоғамның дауыс беретін акцияларының саны туралы мәлімет;
  - 24.2.4. акционерлердің жалпы жиналысының кворумы;
  - 24.2.5. акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі;
  - 24.2.6. акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру тәртібі;
  - 24.2.7. акционерлердің жалпы жиналысының төрағасы (төралқасы) және хатшысы;
  - 24.2.8. акционерлердің жалпы жиналысына қатысқан тұлғалардың сөйлеген сөздері;
  - 24.2.9. дауыс беруге ұсынылған акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша акционерлердің берген жалпы дауыс саны ;
  - 24.2.10. дауыс беруге ұсынылған мәселелер және сол мәселелер бойынша дауыс беру қорытындысы;
  - 24.2.11. акционерлердің жалпы жиналысында қабылданған шешімдер.
- 24.3. Жалпы жиналыста қоғамның директорлар кеңесін сайлау (директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлау) туралы мәселе қарастырылған жағдайда жалпы жиналыстың хаттамасында директорлар кеңесінің сайланған мүшесі қандай акционердің өкілі екені және (немесе) директорлар кеңесіне сайланған мүшелердің қайсысы тәуелсіз директор болып табылатыны көрсетіледі.
- 24.4. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасына мыналар қол қоюы тиіс:
- 24.4.1. акционерлердің жалпы жиналысының төрағасы (төрағалық мүшелері) және хатшысы;
  - 24.4.2. есеп комиссиясының мүшелері;
  - 24.4.3. қоғамның дауыс беретін акцияларының он немесе одан да көп пайызына иелік ететін және акционерлердің жалпы жиналысына қатысқан акционерлер.
- 24.5. Қол қоюға міндетті тұлғаның хаттамаға қол қоюы мүмкін емес жағдайда, хаттамаға өзіне берілген сенімхат негізінде оның өкілі не Қазақстан Республикасының заңнамасына немесе шартқа сәйкес акционердің атынан сенімхатсыз әрекет етуге немесе оның мүдделерін білдіруге құқығы бар тұлға қол қояды.
- 24.6. Осы баптың 24.4.-пунктінде көрсетілген тұлғалардың бірі хаттаманың мазмұнымен келіспеген жағдайда, ол тұлға қол қоюдан бас тартуы себебі көрсетілген жазбаша түсіндірме ұсына отырып, хаттамаға қол қоюдан бас тартуға құқылы және мұндай түсіндірме хаттамаға қоса тіркелуі тиіс.
- 24.7. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасы дауыс беру нәтижесі туралы хаттамамен, жалпы жиналысқа қатысу және онда дауыс беру, сондай-ақ хаттамаға қол қою құқығына берілген сенімхаттармен және хаттамаға қол қоюдан бас тартуы себебі көрсетілген жазбаша түсіндірмелермен бірге тігіледі. Көрсетілген құжаттарды атқарушы орган сақтауы тиіс және олар кез-келген уақытта танысу үшін акционерлерге ұсынылуы тиіс. Акционердің талабы бойынша оған акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасы беріледі.
25. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ
- 25.1. Заң және осы Жарғы арқылы акционерлер жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелерді қоспағанда, қоғамның қызметін жалпы басқаруды қоғамның директорлар кеңесі жүзеге асырады.
- 25.2. Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне мынадай мәселелер жатады:
- 25.2.1. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде алдын ала қарастырылған жағдайларда қоғам қызметінің басым бағыттары мен қоғамды дамыту стратегиясын анықтау немесе қоғамды дамыту жоспарын бекіту;
  - 25.2.2. акционерлердің жылдық және кезектен тыс жалпы жиналыстарын шақыру жөнінде шешім қабылдау;
  - 25.2.3. жарияланған акциялар саны шегінде акцияларды орналастыру (сату) туралы, оның ішінде орналастырылатын (сатылатын) акциялар саны, оларды орналастыру (сату) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;
  - 25.2.4. қоғамның орналастырылған акцияларды немесе басқа ағалы қағаздарды сатып алуы және оларды стап алу бағасы туралы шешім қабылдау;
